

Павлодар қалалық мәслихатының 2021 жылғы 7 сәуірдегі № 33/3 "Павлодар қаласы бойынша тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2023 жылғы 4 шілдедегі № 37/4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 11 шілдеде № 7372-14 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 135 /15 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 27.03.2024 № 135/15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Павлодар қалалық мәслихаты ШЕШІТІ:

1. Павлодар қалалық мәслихатының "Павлодар қаласы бойынша тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2021 жылғы 7 сәуірдегі № 33/3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7247 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қалалық мәслихатының төрағасы

*К. Кожин*

Павлодар қалалық маслихатының  
2023 жылғы 4 шілдедегі  
№ 37/4 шешіміне  
қосымша

Павлодар қалалық мәслихаттың  
2021 жылғы 7 сәуірдегі  
№ 33/3 шешіміне  
қосымша

**Павлодар қаласы бойынша тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі 1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Павлодар қаласының аумағындағы тұракты тіркелген және тұратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде меншік құқығында тұрған аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті

атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

көндөминиум объектісін басқаруға және көндөминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде көндөминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

2. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындауды уәкілетті орган "Павлодар қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

## **2 тарау. Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері**

3. Коммуналдық қызметтерді төлеуге берілетін тұрғын үй көмегінің ең төменгі мөлшері айлық есептік көрсеткіш шамасынан 1,5 (бір бүтін оннан бес) құрайды.

4. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау төмендегі нормаларға сәйкес жүргізіледі:

- жалғыз тұратын азаматтар үшін-тұрғын үйдің жалпы алаңынан 30 (отыз) шаршы метр;
- 2 және одан да көп адамнан тұратын отбасылар үшін – тұрғын үйдің жалпы алаңынан бір адамға 18 (он сегіз) шаршы метр.

Электр энергиясын тұтыну нормасы электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар үшін – бір адамға айна 110 (жұз он) киловатт мөлшерінде белгіленсін;

Электр плиталарын пайдаланбайтын тұтынушылар үшін-бір адамға айна 90 (тоқсан) киловатт.

Газ тұтыну нормасы айна бір отбасына он килограмм болып белгіленсін.

5. Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде отбасының жиынтық табысының үлесі шығыстардан 500,0 (бес жұз) теңгеден 0,0 (нөл) теңгеге дейін асқан жағдайда, коммуналдық қызметтерді және байланыс қызметтерін тұтыну төлеміне, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлеміне ағымдағы қаржы жылында бір реттен артық емес, айна 1,5 (бір бүтін оннан бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрғын үй көмегі тағайындалсын.

### **3-тaraу. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі**

6. Тұрғын үй көмегі ағымдағы тоқсанда құжаттарды тапсыру уақытына қарамастан өткен тоқсанның тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге кеткен жиынтық кіріс пен шығыстар бойынша бір тоқсан мерзімге тағайындалады.

7. Аз қамтылған отбасының (азаматтың) айна кондоминиум обьектісін басқаруға және кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметтерді мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдалануға арналған шекті жол берілетін шығыстар үлесі, табысы аз отбасының (азаматтың) жиынтық табысының 5 (бес) пайызы мөлшерінде айқындалады.

8. Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысын уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға "Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматтының) жиынтық табысын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 226 бүйрүғымен айқындалатын тәртіппен есептейді (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20498 болып тіркелген).

9. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктер арқылы өтініш берушілердің жеке шоттарына жүзеге асырады.